



Ақмешіт

11 қыркүйек
сенбі

№72 (1774)

2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВ

#qazaqstan30



Қызылорда қаласы әкімдігінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының негізгі міндеттерін түсіндіруге бағытталған идеологиялық актив отырысы өтті. Жыныға қала әкімі Ғанибек Қазантаев төрағалық етті.

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Идеологиялық активте қала әкімі Жолдаудың негізгі бағыттарына тоқталды.

– Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған бес тараудан тұратын Жолдауы – еліміздің осыған дейінгі жетістіктері мен табыстарын еселейтін, қажеттіліктер мен сұраныстарды қанағаттандыратын елімізді алға жетелейтін бағдарламалық құжат. Елбасының бастамасымен қалыптасқан игі дәстүр, еліміздің стратегиялық даму жолының негізгі теміржолы. Мемлекет басшысы бұл Жолдаудың пандемиядан кейінгі кезеңдегі елді одан әрі дамыту, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, сапалы біліммен қамту, өңірлік саясатты жетілдіру, адам құқығын қорғау бағытындағы бастамалары бойынша тұрақтылық пен сенім, ел экономикасының қарқынын одан әрі күшейтуге, халықтың тұрмысын жақсартуға негіз болатын, межеленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін нақты міндеттерді айқындап берді. Сыртқы саясатта есесін кетпейтін, шекарасы шегенделіп, ешкімде дауы жоқ мемлекеттің ендігі бағыты – халық тұрмысын жақсарту, табысын еселеу. Бұл мақсатта Жолдауда нақты міндеттер қойылды. Соны орындап, экономиканы одан әрі нығайтып, халықтың әл-ауқатын арттыра түсу жолында еңбектенуіміз керек. Қалаға қарасты елді мекендерде жерді тиісті деңгейде пайдаланбай отырған шаруашылықтарға қозғау салып, дем берер қолдауларды жасағанымыз жөн, – деді қала басшысы.

2 БЕТТЕ

СЕН АМАН БОЛ, ҚАЗАҒЫМ!

Қазақ елі үшін осы аптадағы ең жағымды жаңалықтың бірі ретінде тәліптердің құрсауында қалған Ауған жерінен қандастарды елге әкелу болғанын айтуға болады. Жүрегінде елге, туған жерге деген титтей де болса сүйіспеншілігі бар адам бұл хабарды аса зор ілтипатпен қабылдағаны анық.



Ауған жеріндегі қандастардың елге келгенін Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәли Фейзбек әлеуметтік желісіндегі парақшасында хабарлаған болатын. «Қабулдан Алматыға арнайы рейспен 35 қандасмыз, 4 Қазақстан азаматы және БҰҰ-ның 1 қызметкері жеткізілді. Президент дипломаттарымызға және игі істі ұйымдастыруға атсалысқан барлық ведомство қызметкерлеріне алғыс айтты», – делінген хабарламада.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қабулдан Алматы қаласының әуежайына Қорғаныс министрлігінің арнайы ұшағы 41 жолаушымен ұшып келген. Олардың ішінде Қазақстанның 4 азаматы, Қырғызстанның 1 азаматы және Қазақстанда

тұрақты тұратын 1 ауған бар. Келген жолаушылар карантиннен өту үшін уақытша оқшауланғаны айтылады. «Қазақстанның Қабулдағы Елшілігі қалыпты режимде жұмыс істейді және Ауғанстанда тұратын қандастармен тұрақты байланыста. Өтініш берушілердің этникалық сәйкестігін растау және қандастарды қайтару жұмыстары жалғасып жатыр», – делінген сыртқы істер министрлігінің хабарламасында.

Бұған дейін ауған жеріндегі қазақтар бейнежазба арқылы тарихи отандарына қайтылары келетінін айтып, бірнеше рет көмек сұрады. Олардың Қазақстандағы туыстары да әлеуметтік желі арқылы Мемлекет басшысынан жәрдем беруін өтінді. Қазақстан

Президенті Сыртқы істер министрлігіне Ауғанстандағы этникалық қазақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда тарихи отанына қайтару мәселесі бойынша тапсырма берді. Мемлекет басшысы бұл тапсырмасы арқылы планетамыздың қай қиырында жүрсе де қазақтарға көмектесуге дайын екенін білдірді. Президент пәрменімен елге 35 қандасмыз оралды. Бұл оқиғаны ел тұрғындары қуанышпен қабылдады. Тіпті төрткүл дүние Қазақстан деген мемлекеттің әрбір азаматын қорғай алатын, қауқарлы ел екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді десек, артық айтқандық емес.

2 БЕТТЕ

АЛТЫН ОРАҚ–2021

ЕГІН ДАЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ДҮБІРІ

Сейсенбі күні қала іргесіндегі Қарауылтөбе ауылының егіс алқабында күрішке орақ түсті. Бұл – дала дарабоздарының жаз бойғы төккен тер, еткен еңбегі еселенер сәті. Алда алтын дәнді ысырапсыз қамбаға құйып алу міндеті тұр. Дала төсін дүбірге бөлеген егін орағының салтанатты жиынына қала әкімі Ғанибек Қазантаев, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев қатысты.



Қала басшысы алдымен ауыл шаруашылығы саласының биылғы көрсеткіштері мен Б.Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы» ҒЗИ ЖШС-ның жұмыстарымен танысып, орақ түсу науқанын ашып берді.

– Биыл еліміз бойынша су тапшылығы орын алғанын бәріңіз білесіздер. Бұл ең алдымен егін шаруашылығымен айналысатын біздің аймағымыз үшін аса күрделі кезең болды. Дегенмен жаңа технологиялардың көмегімен заманауи әдісті қолдану шаралары негізінде бұл қиындықты да еңсердік. Еліміз бойынша алғаш болып жапониялық әдіспен көшеттен күріш егуді қолға алдық. Күріштің жаңа сорты «Сыр сұлуын» жерсіндіруді қолға

алып жатырмыз. Қосымша басқа түрлерін де егудеміз. Күріш дақпылы біздің брендтіміз болып саналады. Сала мамандарының айтуынша, биыл жоспарлы өнімнен мол дақыл аламыз деген ойымыз бар. Қырмандағыңыз

астыққа толсын. Орақ науқанын нәтижелі аяқтап, ел ризығын төкпей-шашпай жинап алудағы еселі еңбектеріңіз жемісті болсын, – деді қала әкімі.

2 БЕТТЕ



СЫР ЕЛІНІҢ ӨНІМДЕРІ НҰР-СҰЛТАНДА

Жылдағы дәстүр бойынша биыл да Нұр-Сұлтан қаласында Алматы облысымен бірігіп 11-12 қыркүйек күндері Қызылорда облысының жәрменкесі өтеді. Жәрменке «Хан шатыр» сауда орталығының жанында, Тұран даңғылы мен Д.Қонаев көшесінің қиылысындағы бірыңғай конструкциямен жабылған алаңда ұйымдастырылмақ. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев хабарлады.

Жәрменкеде 70-ке жуық облыстың дихандары мен кәсіпорындары 40 жүк автокөлігімен жалпы құны 100 млн теңгені құрайтын 400 тоннаға жуық өнімді Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарына ұсынады.

Сыр өңірінен жәрменкеге 100 тонна ақталған күріш, 20 тонна балық пен балық өнімдері, 50 тонна асқабақ, 150 тонна бакша, 45 тонна көкөніс пен жеміс, 10 тонна ет пен шұжық өнімдері және 5 тонна сүт өнім түрлері жеткізіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»



4 БЕТТЕ



АҚШ АЗАМАТТАРЫ АУҒАНСТАННАН ШЫҒЫП ЖАТЫР

АҚШ 1 қыркүйекте Ауғанстан жерінен өз азаматтарын толықтай шығаруды жоспарлаған болатын. Дегенмен Талибандар (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) басып алған елдегі ахуалға байланысты бұл жоспарды толық орындау мүмкін болмады. Енді талибандар елден 200 азаматты шығаруға, соның ішінде америкалықтардың елден кетуіне рұқсат берді. Бұл туралы CNN арнасының тілшілері Мостафа Салем, Кайли Эвуд пен Лора Смит-Спарк «Тәліптер Қабул әуежайынан 200 азаматтың, соның ішінде америкалықтардың ұшуына рұқсат берді» атты мақаласында жазды.



Арнаның мәліметінше, 9 қыркүйекте Қабул әуежайынан Катар рейсімен ұшып кетуге 200 адамға рұқсат етілген. Оның ішінде америкалықтар да болады делінгенімен, АҚШ азаматтарының нақты қанша екені белгісіз.

Бұл талибандар тамыздың аяғынан бастап елді басып алғаннан кейінгі алғашқы коммерциялық рейс болмақ. Qatar Airways-тың Қабул-Доху бағытындағы рейстің жолаушыларының айтуынша, соңғы аялдама ретінде ұшақ Канадаға қонбақ.

Оқиға орнында мән-жайдан хабар таратқан «Al Jazeera» тілшісіне олар «Біз Канадаға барамыз. Біз канадалықпыз» деп айтқан. Тікелей эфирде Боннг 777 ұшағы тұрған ұшу жолағын қарап тұрған Катар мен Талибанның ресми өкілдері байқаған.

Талибандардың ресми ақпараты бойынша, талибандардың сыртқы істер министрі қызметін уақытша атқарушы Мавлави Амир Хан Муттақи Катардың ресми өкіліне әуе рейстерін жандандыруға үшін алғыс білдірген.

Ал АҚШ өз кезегінде бұл рейске рұқсат берілгендігін басқаша түсіндіреді. Американың мәліметінше, бұл 200 адамдық рейске қол жеткізу үшін АҚШ-тың ресми өкілі Залмай Халилзад талибандарға қысым көрсеткенге ұқсайды.

Сәрсенбіде АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен бір топ әскерилер Ауғанстанның солтүстігіндегі Мазари-Шарифтегі чартерлік рейстің ұшуына кедергі келтіруге деп айыптаған болатын. «Талибандар кей жолаушылардың құжаттары дұрыс емес деп сылтауратуда», – деді Э.Блинкен.

CNN арнасы Ақ үй, Мемлекеттік қауіпсіздік кеңесі мен Талибандардың 200 адамдық рейс туралы ақпарат сұрағанымен, АҚШ қандай да бір пікір білдіруден бас тартқан.

Жалпы АҚШ-тың көптеген әскери ұшағы белгіленген уақытқа дейін, яғни 31 тамызда елден шығып кеткен болатын. Бұл талибандарды елді басып алғаннан кейін екі апта өткен соң болған еді. Негізінде АҚШ азаматтарын шығару барысында Ауғанстаннан шамамен 122 мың адам және 6000 бейбіт тұрғын еліне қайтқан.

Ал Талибан өкілдері қазіргі таңда Қабулдағы әуежайды қалпына келтірумен айналысуда. Бұл туралы ұйым өкілі Забихулла Муджахид айтып берді. «Біз әуежайды тезірек қалпына келтіру үшін барынша жұмыс істеп жатырмыз. АҚШ әскерін шығарған соң әуежай жөндеуді талап етіп тұр. Америкалықтар барлық раларларды істен шығарып кеткен», – дейді ол. Одан бөлек, ол әуежайды жөндеу үшін Катар мен Түркиядан арнайы техникалық топ алдырғанын мәлімдеген.

Катардың сыртқы істер министрі шейх Мохаммед аль Тани де техникалық топ әуежайды жөндеу болған соң Қабул әуежайы өз қызметін бастайды деп мәлімдеді. Бірақ оның айтуынша, талибандармен келіссөздер әлі де жүргізілмеген. Түркияның сыртқы істер министрі Мевлют Чавошуглу өз сөзінде Қабул әуежайын қалпына келтіру үшін Катар және АҚШ-пен бірігіп жұмыс жасап жатқанын мәлімдеді. «Қазіргі таңда ол жерде біздің 19 қызметкер жұмыс істеп жатыр. Ең бастысы – олардың қауіпсіздігі», – дейді ол.

Мевлют Чавошуглудың айтуынша, әуежайдың сыртында талибандар қауіпсіздік үшін жауап береді. «Ал бірақ әуежай ішіндегі қауіпсіздікке кім жауапты? Оған жеке компания, екі мемлекет немесе халықаралық қоғам жауапты болуы керек. Әскерилерге сенімсіздік болса, бұл үшін мұндай қызметті атқаратын жеке компаниялар бар», – дейді ол.

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Республика Президенті Жолдау өңірлерді дамыту жоспарларын бекітілген жалпыұлттық міндеттерге сәйкес жанұяра жеткізуге және бюджет үдерістерін жеңілдетуді тапсырды. Бүгінде қала экономикасын, оның ішінде қала бюджетін тиімді жоспарлау – басты назарда. Осыған орай «Жаңа жағдайдағы экономиканы әртарапандыру және жетілдіру шаралары» тақырыбында қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнәр Баймаханова баяндама жасады.

– Қазіргі кезде 14 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл өз кезегінде инвестициялар көлемін арттырып, жаңа жұмыс көздерін ашуға жол ашақ. Жолдауда шағын кәсіпкерлікті дамыту аясында «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнесің жол картасы» бағдарламасының жүзеге асырылу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданды. Осы ретте аталған бағдарламалардың шеңберінде жүзеге асырылатын жобалар санын арттыру бойынша жұмыстар ұйымдастыру қажет. Әсіресе дайын өнім шығаруға бағытталған жобаларды қолға алу керек. Биыл «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен жалпы құны 587 млн теңгені құрайтын жоба іске қосылды. Ал газдандыру мәселесіне келсек, биыл Абай ауылын газдандыру жобасының құжаты әзірленуде, – деді бөлім басшысы.

Бүгінде ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы ретінде айқындалды. Расында, мәдениеті мен руханияты мықты елдің – рухы мықты. Жолдауда «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Біздің азаматарымыз үшін келісім мен толеранттық мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын қоғамның шынайы көрінісі, нақты болмысы» – деді Президент. Осы орайда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязовқа сөз берілді.

– Мәдениет саласына серпін беру кезек күттірмейтін мәселе екенін айтқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бастамасы арқылы мәдениет қызметкерлеріне қолдау көрсету керек екенін нақтылады. Мәселен, 2025 жылға дейін сала

қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын 20 процентке өсіп отырады. Алдағы уақытта осы қолдауды сезіне отырып, жұмыс істеуіміз керек. Сондай-ақ рухани жаңғыру дер кезінде қолға алынды. Бұл Жолдау мәдениет пен руханиятқа үлкен қозғау салып, көптеген игі шараның бастамасы болғалы тұр. Сонымен қатар мәдениеттің жаңа салалары мен бағыттарында еңбек етіп, өз күнін көріп жүрген дарынды жастарға қолдау көрсету мақсатында құрылатын креативті индустрияны қолдау қорының да өз жемісін берері сөзсіз, – деді қалалық мәдениет бөлімінің басшысы.

Қазіргі кезде денсаулық сапасы – басты назарда. Әлемді жағалаған пандемия, елімізде болған төтенше жағдай мен карантин режимі адам үшін денсаулықтың ең басты байлығы және ұлт саулығы – мемлекеттің басым бағыттарының бірі екенін тағы бір дәлелдеді. Осыған орай «Денсаулық саласындағы медициналық инфрақұрылымды дамыту – ұлт саулығының кепілі» тақырыбында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов баяндама жасады.

– Жолдауда көрсетілгендей, «Дені сау ұлт» жобасы аясында еліміздегі 12 зертхана жоғары технологиялық құралдармен жабдықталатын болады. Бұл өз кезегінде медициналық қызметтің сапасын арттырып, халықтың жағдайын жақсартуға септігін тигізетініне сенімдімін. Алдағы 2022-2025 жылдар аралығында республикалық бюджет есебінен сол жағалаудан 300 төсекке арналған көпбейінді аурухана, Қан орталығының құрылысын іске асыру жоспарлануда. Сондай-ақ 2023 жылы ауысымына 250 келушіге арналған емхана құрылысын бастау көзделуде. Сонымен бірге облыстық бюджет есебінен 2022-2025 жылдар аралығында Баймұрат батыр ауылы, Сабалақ саяжайында, Наурыз шағын ауданында дәрігерлік амбулатория салынады. Ал Досан ауылы, Ягодка, Эдельвейс саяжайларында медициналық бекеттердің құрылысын жүргізу қолға алынууда, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

Бүгінде мемлекет тарапынан ұрпақ тәрбиесін басты мақсат тұтқан ұстаздар

қауымының әлеуметтік жағдайын көтеру, біліктілігін арттыру, жан-жақты жағдай жасау мақсатында түрлі шаралар қабылданды. Мемлекет басшысы Жолдауында еліміздің білім беру жүйесі қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс екенін баса айтты. Осыған орай «Саналы ұрпақ – сапалы білім» тақырыбында Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының директоры Данабек Әбдірайымов хабарлама жасады.

– Білім саласының барлық жерде жүйелі түрде жүргізілуіне білім алушылар да, мұғалімдер де дайын болу керек және жүйелілік, сапалылық әрбір ұстаздың міндетіне айналуы қажет. Өзім де ұстаз ретінде мемлекет тарапынан жасалып отырған әрбір көмек бізді жігерлендіре түседі дегім келеді. Еліміздің дамуы мен отаруы жолында бар күш-жігерімізді сала отырып, еңбек ету біздің басты парызымыз деп санаймын, – деді мектеп директоры.

Мемлекет басшысы Жолдауда шағын кәсіпкерлік саласын дамыту үшін үлкен қолдау керектігін жеткізді. Сондай-ақ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру маңызды екенін баса айтты. Идеологиялық активте жас кәсіпкер Дәулет Ізбасарұлы сөз алды.

– Кәсіпкерлер үшін жағымды жаңалық ретінде «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының мерзімін ұзартуы біз сияқты жас кәсіпкерлердің ертеңгі күніне сенім ұялатты. Міне, мемлекет тарапынан осындай нақты қадамдар жасалу арқылы қаламыздың кәсіпкерлік саласы одан әрі дамитыны анық. Бұл әсіресе кәсіпін жаңалап бастағандарға таптырмас мүмкіндік, үлкен қолдау болды, – деді жас кәсіпкер.

Кездесуге зиялы қауым өкілдері, қалалық мемлекет депутаттары, қаланың еңбек ардагерлері, кент, ауылдық округ әкімдері, сала басшылары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, кәсіпкерлер және жастар қатысты. Осылайша басқосу соңында Жолдаудың барлық бағыты талқыланып, алдағы жоспарлар сараланды.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Басы 1-бетте

Осының өзі Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде әлемдік саяси аренада өзіндік орны бар, айтары бар, жұрт санасатпа мемлекет екенін көрсетеді.

Осы ретте тәуелсіздік туы желбіреген отыз жыл ішінде жеткен жетістіктерді саралап өткенді жөн көрдік.

Тәуелсіздік жемісі ретінде Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Нұр-Сұлтан қаласының орны ерек. Ел мақтанышы болған еңселі елорда әлемде 56 елдің басын қосатын Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, 60-қа тарта мемлекетті біріктіретін Ислам ынтымақтастық ұйымы секілді Қазақстан төрағалық еткен беледі биік басқосулардың ордасына айналды. Ордалы отыз жылдағы жетістіктің бірі ретінде Семей полигонының жабылуын айтуға болады. Токсаныншы жылдар-

түсінді. Есік қаласынан табылған Алтын адамның бейнесін жасағанда ғарышкер Токтар Әубәкіровтің бет-пішіні пайдаланылды. Токтар Әубәкіровтің ғарышқа салған сара жолын Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов жалғады.

Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойында Қазақстан алғаш рет Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі атанды. Тортқұл дүние көз тіккен айтулы шара – ЭКСПО-ны өткізген Қазақстан рухани жаңғыруға ден қойған ел ретінде өзін әлемге мойындатып үлгерді.

Тәуелсіздік жылдарында Тараз қаласының 2000 жылдығы, Түркістан қаласының 1500 жылдығы Юнеско көлемінде аталды. «Халық жау» болып кеткен талай боздақ ақталды. Спортшыларымыз олимпиада ойындарында, түрлі әлемдік деңгейдегі жарыстарда топ жарып, қыран

СЕН АМАН БОЛ, ҚАЗАҒЫМ!

дың басында ядролық қаруды таратпау жөніндегі жаһандық үдерістің жаңа кезеңі басталды. Ядролық қауіпсіздік біздің мемлекет үшін сыртқы және ішкі саясатта негізгі бағыттың бірі болып қала бермек.

Әлем картасындағы тоғызыншы территорияны иеленіп жатқан осынау ұлан-байтақ елімізде жер бетінде алғашқылардың бірі болып соғылған «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан. Оның тарихы, қалыптасуы, дамуы түгел кеңестік кезеңде жүрді. Адамзат баласының алғашқы ғарышкері де осы жерден аспан әлеміне сапар шекті. Тәуелсіздік алып, егемендікті енішлегеннен кейін өзімізден шыққан ұшқыныты ғарышқа ұшыру бақыты да туды. Бұл абыройлы міндет Токтар Әубәкіровке тапсырылды. Сөйтіп, Токтар Әубәкіров азаматын шыққан алғашқы ғарышкер атанды. Токтар ағамыз аспан әлемін шарлап, Байқоңырдан ғарышқа ұшқанда бар қазақ көзіне жас алып еді. Өз жерінде тұрған айлақтан жетпіс жыл бойы бір де бір азаматты ғарышқа ұшыра алмаған қазақ тәуелсіздік дегеннің шын мәнінде не екенін өзгелерге қарағанда жақсы білетін. Әр ісі мен сөзі үшін Мәскеу жаққа алаңдап, жалтақтап құмыр кешкен аға буын өкілдері тәуелсіздіктің әр сәтін күр жібермей келер ұрпаққа саналы түрде аманаттап кету керектігін жақсы

бердерлі көк туымызды самғатып, Өнұранымызды шырқатып жатыр. Қазір Қазақстанмен әлемнің мықты алпауыт мемлекеттерінің өздері санасатын болды. Біздің елде ЕҚЫҰ-н саммитті, қысқы Азия ойындары, әлемдегі діндер мен конфессиялардың бас қосуы өткізілді. Қазақстан 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың мекеніне, қасиетті Отанына айналды. Орталық Азиядағы көшбасшы ел ретінде танылды. Посткеңестік мемлекеттер арасында да алдыңғы қатардан көрініп келеді. Ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламаның арқасында бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің санатына кірді. Осы жылдар ішінде еліміз жүріп өткен жол әлем назарынан тыс қалған емес. Жалпы шетелдік ақпарат құралдарында Қазақстан Орталық Азиядағы көшбасшы мемлекет ретінде айтылады. Тіпті Сириядағы теріс бағыттағы діни ағымдардың арбауына түскен отандастарымызды құтқарған «Жусан» оқиғасынан кейін Қазақстан өзін әлемге әскери қуаты дамыған ел ретінде де әйгіледі. Бұл оқиғаға күллі Қазақстан халқына жүрек берді. Ауған жерінен қандастарымызды елге әкелу де халықтың мемлекетке деген сенімін еселей түсетіні анық. Ең бастысы, ел тұрғындары мемлекет өздерін қорғайтынына тағы бір мәрте көз жеткізді. Дүниенің қай қиырында жүрсе де қазақ аман болсын!

Әзиз ЖҰМАДІЛДАУЛЫ

Басы 1-бетте

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК АЛШАҚТЫҚ БОЛМАУЫ КЕРЕК

«Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкірттің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс. Бұл ретте, ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында.

Білім саласына сапалы кадрлар тарту – маңызды мәселе. Президенттің ерекше көңіл бөлуі саладағы сапалы қызметті арттыруға септігін тигізеді. Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. Президент бұл мәселеге ерекше назар аударды. «225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шуғыл шара қабылдамақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді. Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін. Мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн» деп нақты шешілу жолын айтты.

Сонымен қатар балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу мәселесіне де айрықша көңіл бөлу керектігін жеткізді. «Әскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс. Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, осы маңызды міндетті шешумен айналысуы керек. Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Бүгінгі таңда НЕЕТ санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді» деп жастардың кәсіби білім алуын құптады. Мұнан бөлек оқушылар арасында әлеуметтік алшақтық болмауын да назарға алды. «Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары. Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек. Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды. Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн» деді Президент Жолдауда. Мемлекет басшысының бұл сөздері халықтың көптен күткен қолдауы еді.

«Дүние тану, білімге талпыну әрбір адамның есейген дәуірінен аңсап қараған түбегейлі ісінің бірі болып келеді. Егер бұл талпыну болмаса, әрбір адам білімге, еңбекке үніле қарамаса, тек ақша қарын тойдырып, ұйқымен уақыт өткізсе, ешбір ілгері басу – өрлеу де болмас еді» деді жырмасыншы ғасырда Әлкей Марғұлан. Қайраткердің бұл сөздері бүгінгі күні де маңызға ие. Білім саласы да жаңа ғасырдың жанаушылығына бейімделе отырып дами түсуі керек. Уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білуіміз қажет. Жолдау соңында Президент «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған. Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте! Ендеше, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік!» деді. Жауапты қызметімізде бізге артылған сенім мен жауапкершілік жүгін сезінеміз. Жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін еңбек етеміз.

Гайһар МОЛДАБАЕВА, Байзақ Еркембаев атындағы №271 орта мектептің директоры

ЕГІН ДАЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ДҮБІРІ

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласын қолдауға үлкен мән беріліп келеді. Биыл қала бойынша барлығы 8905 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 4664 гектар, яғни 4113 га күріш, 419 га бидай, 87 гектар арпа, 40 га сорго, 5 га сұлы, 1278 гектар мал азықтық дақылдары, картоп, көкөніс, 2818 гектар бақша дақылдары, 40 гектар майлы дақылдарды құрап отыр.

Негізгі дақыл күріштің көлемі 4113 гектарға егілді. Биылғы жылы егілген ақ егісті жинауды өткен шілде айының ортасында толық аяқтап, гектар түсімі бойынша жаздық бидайдың әр гектарынан 7 центнерден, арпадан 5 центнерден, сұлыдан 0,5 центнерден өнім алынды. Шаруашылық құрылымдары 1033 гектар алқаптағы жерге ескі жоңышқадан және 245 гектар жаңа жоңышқадан дақылдарынан барлығы 3196 тонна жоңышқа жиналды. Сондай-ақ егілген картоптың әр гектарынан 128 центнерден, көкөністен 131 центнерден, бақшадан 128 центнерден орта өнім алынууда. Егін жинау жұмыстары әлі де жалғасуда.

– «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми зерттеу институты» ЖШС қала бойынша биыл барлығы 1413 гектар жерге егін еккен. Оның ішінде 655 гектар негізгі дақыл күріш, 30 гектар күздік бидай, 130 гектар жаздық бидай, 10 гектар арпа, 5 гектар сұлы, 40 гектар сорго, 40 гектар мақсары, 215 гектар жаңа жоңышқа, 284 гектар ескі жоңышқа және 4 гектарға көкөніс егілген. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыра беретін боламыз, – дейді «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми зерттеу институты» төрағасы Қамбарбек Мұбаракөв.

Көз сүйсіндіріп, көңіл толттырған күріш алқабы биылдыққа бітік шыққан. Жер – аныан жомарттығы әмбете ян. Тек оны баладай баптап, қариядай күте білсе болғаны. Сала мамандарының жүйелі жұмыстарының нәтижесінде су тапшылығы секілді қиындықтарды дер кезінде еңсере білді. Бұл – таза еңбектің жемісі. Ауыл шаруашылығы мамандары да осылай деп отыр.




– Қазіргі таңда шаруашылық құрылымдары күріш жинау жұмыстарына дайын. Белгіленген кестеге сәйкес күріштің суын байлау жүргізілді. Күріш жинау жұмыстары бойынша 1 қыркүйектен бастап саралап оры, 7 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін жаппай оры жұмыстарын аяқтап, шаруалар жоғарғы өнім алуды жоспарлап отыр. Келер жылғы егістің негізі үшін барлығы 2600 гектар сүлгігер жұрты және 850 тонна көлемінде сапалы күріш тұқымнан құю жоспарланып отыр, – дейді қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дәуренбек Адбрасулов бізбен әңгімесінде.

Иә, Сырдың сары алтындай күріші күллі қазақтың маңдайына біткен бақ іспетті. Жаз бойы су астында тұратын өнім үлкен баптауды қажет етеді. Біздің өңірде көшетпен күріш егуді де қолға алып жатыр. Бұл да өнімге жанауша серпін беріп, жол ашады деп есептейміз. Күріштің өзбекстандық «Лазурный», «Аланга» және жергілікті «Сыр сұлуы» сорты Сыр топырағына көшетпен отырғызылды. Егін даласындағы еңбек дүбірі осылайша өз жұмысын бастады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

COVID-19: 663 науқас стационарда ем қабылдауда

Облыста 9 қыркүйек күні коронавирустық инфекцияны жұқтырған 79 адам анықталды. Оның ішінде 56 дерек вирустың симптомдарымен болса, қалған 23 адам вирустың аурудың белгілерінен өткеруде. Анықталған 79 жағдайдың 34-і инфекциялық стационарға жатқызылған. Осылайша өңірде 2020 жылдан бері коронавирус анықталғандар саны 16778 адамға жетті.



9 қыркүйекте аймақ бойынша 153 науқас вирустан жазылып шыққан. Осылайша өткен жылдан бері вирустан емделіп шыққандар саны 14827 адамды, яғни 88 процентті құрады.

Қазіргі таңда облыстағы инфекциялық стационарларда барлығы 663 науқас ем қабылдап, оның жүктемесі 43 процент деп бағаланған. Ал жансақтау бөлімінде жатқандар саны – 51 адам. Яғни өңірдегі реанимациялық төсек-орындардың жүктемесі 36 процентті құрап отыр.

Вакциналау науқаны бойынша 9 қыркүйекте коронавируска қарсы екпеңнің I компонентін барлығы 1451 облыс тұрғыны салдырған. Нәтижесінде вакциналау науқаны басталғалы екпеңнің I компонентін салдырғандар саны өңірде 272083 адамға жетті. Сол тәулікте вакцинаның екінші компонентін 1462 адам салдырған. I ақпан мен 9 қыркүйек аралығында өңірге 274 920 дозасы жеткізіліп, оның 223 199-і игерілді.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Сыр өңірі терең – тарих, тұнған – шежіре. Мұндағы әрбір тарихи жәдігер – соның айқын дәлелі. Тұран төрінде тұғыр тепкен Қызылорда – өз тарихында Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-саттығымен де танылған қастерлі мекен. Сөзіміздің дәлеліндей өз дәуірінде үздіксіз жұмыс жасаған мекемелер бүгінде басқаша келбетте өзгеріп, заманауи кейіпте жұмыс жасауда. Дегенмен ондай көне ғимараттар қанша ғасыр өтсе де өз құндылығын жоймай келеді. Соның бірі – ескі базар маңында кіріпштен салынған көне ғимарат қазіргі «Аль-Асад» сауда үйі.

ӨЛКЕ ТАРИХЫН
АЙҒАҚТАҒАН ҒИМАРАТ

Алғаш іргетасы XIX ғасырда қаланып, бірінші қыздар училищесі, кейіннен Перовск училищесі, 1925-1929 жылдары Қызылорда ел астанасы атанған жылдары баспахана орналасқан. Тарихи нысан 1878 жылы инженер, генерал Брюноның жобасы негізінде салынған екен. Қанша уақыт өтсе де көне ғимарат сол калпында сақталған. 1925-1929 жылдары баспахана болып жұмыс жасап тұрған кезеңдері «Еңбекші қазақ», «Советская степь» секілді республикалық газеттер осында басылып, еліміздің әр өңіріне тарап тұрған. Ел астанасы Алматыға ауысқан кезеңнен бастап, 1973 жылға дейін облыстық кітапхана, тігін-тоқыма фабрикасы орналасыпты. Өңімізге арқауына айналған ғимарат жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

1899-1902 жылдары Перовск училищесі болып тұрған кезеңде Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай да осында білім алған. Осыған орай ғимаратқа ескерткіш тақта орнатылған. Бұл да бір тарихи мұраға айналды. Жалпы Сыр өңірінің әрбір бұрышы тарихи шежіреге тұнып тұр. Өйткені мұнда қазақ ұлтының ел болып қалыптасуының бір кезеңі жатыр. Ендеше өткен шежірелі тарихтың тәбәрігі іспеттесек ескі әрі құнды дүниелерді дәріптеп, келер ұрпаққа дін аман жеткізу – бүгінгі бізге ортақ парыз.

Қос ғасырлық шежіресі хатталған Қызылорда қаласы – қазақ зиялыларының табаны тиген тарихи өлке. Дереккөздерге сүйенсек, XIX ғасырда мұнда 36 ғимарат бой көтеріпті. Соның бірі – қала-лық училище. Жоғарыда атап өткеніміздей алғашында бұл

ескерилердің балаларына арналып салынған. Ал сол маңдағы шіркеу жанындағы барактарда офицерлер мен солдаттардың отбасылары тұрғандықтан оқу орны соған қарама-қарсы қоныс тепкен. Ал базар жанындағы барак типтес үйлер 1990 жылға дейін ел игілігіне жарап, бүгінде олардың барлығы сүріліп тасталған. Аталған ғимараттардың барлығы бір құрылыс материалынан яғни күйдірілген қыштан тұрғызылған.

1899-1902 жылдары Перовск училищесі болып тұрған кезеңде Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай да осында білім алған. Осыған орай ғимаратқа ескерткіш тақта орнатылған. Бұл да бір тарихи мұраға айналды. Жалпы Сыр өңірінің әрбір бұрышы тарихи шежіреге тұнып тұр. Өйткені мұнда қазақ ұлтының ел болып қалыптасуының бір кезеңі жатыр. Ендеше өткен шежірелі тарихтың тәбәрігі іспеттесек ескі әрі құнды дүниелерді дәріптеп, келер ұрпаққа дін аман жеткізу – бүгінгі бізге ортақ парыз.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Бақытжан Ахметбек.

Расымен, мұндай ғимараттардың жыл өткен сай құны арта бермек. Сыр өңірі ел астанасы болған жылдары және оның арғы кезеңдерінде салынған нысандар тарихи мұралар қатарына жатады. Ал сол тарихи ескерткіштер кеше мен бүгіннің арасын жалғап жатыр.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ТЕРЕҢНЕН ТАМЫР ТАРТҚАН ТЕКТІЛІК

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрмай жоғалмайды...».

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Адам өмірге келген соң оның тұлға болып қалыптасуының өзіндік орны бар. Тұлғалық келбетін даралайтын құндылықтарды құнтай отырып, қорғауға, құрметтеуге тиіс. Отан, ел, тәуелсіздік, тіл – адам жанынан ажырамайтын құбылыстар. Ес біліп, еңсе көтергелі бері ұлттық мұраны жаңғырту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Өшкенімизді жағып, өткенімізді оралтудың мүмкіндігі туған сәтте тіл мерейін көтерудің маңызы зор. Тіл білімінің атасы, ұлт көсемі А.Байтұрсынұлы Алаш халқының хат тануына зор ықпалды болған тұлға. «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген орамды ойлардан қазақ халқының болашағына алаңдаушылық білдіргенін аңғаруға болады. Осы орайда тектілік ұғымның мазмұнына үңілер болса, қазақ қандап тектілікті жоғары бағалап, қанға сіңген қасиет деп санап келген. «Текті жердің ұрпағы», «текті бала» деген тіркестер осының айғағы. Біздің бүгінгі сөз еткелі отырған кейіпкеріміз текті атанын тегеурінді жұрнағы. Қазақ даласында Абай, Қорқыт, Асан қайғы, Шоқан сынды теңдессіз тұлғалар өмір сүрді. Десе те ұлт көсемі ескіммен салыстыруға келмейтіндей жарық жұлдыз іспетті. Жоғарыда аталған тұлғаларға ұқсайтын да, ұқсамайтын да жақтары бар. Ұқсайтын жағы халықты ағарту бағытын таңдауы, ал ұқсамайтын жағы халықты тығырықтан шығару бағытында антикалық бағытты ұстануына ғана шектелмейтіні. Ұлттың бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдыры туралы тақырыпты өзіне өзек еткені белгілі. Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі ауялы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамда асқақтап айтылып келеді. Қазақ әліпбиін алғаш жасаушы ретінде қазақ тарихында өшпес із қалдырған А.Байтұрсынұлының қазақ қоғамында алар орны ерекше. Ақан жазған естеліктері, ізденістер мен еңбектері елу жылдан соң ақталып, халық игілігіне жол тартты. 5 қыркүйек ұлт көсемінің туған күні Қазақстан Халықтарының тілдері мерекесі болып белгіленуі кездейсоқтық емес. Ұлт ұстазына деген құрмет осылай болуы шарт. Қазіргі таңда өзекті тақырыпқа айналған латын әліпбиіне көшу жоспарының негізгі бастауы да Ақан негізін қалаған әліпбиіде жатыр. Абайша атқанда: тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін жұмыр қазақ әліпбиінің жарыққа шығар сөті де алыс емес. Латын әліпбиін қабылдаудың өзі біздің ұлттық тінімізге айналған ұлттық тілімізге оралу деп түсінеміз.

Тіл тақырыбы күн тәртібінен түспейді, шеті жоқ шексіздік сияқты. Қай заманда болсын ұлттық рух пен егемендіктің символындай болған тұғырлы тіліміздің мерейі үстем. Уақыт өте келе сол қасиетті Ана

тіліміздің тәуелсіздік туына айналары сөзсіз. Себебі тіл жағдайы кешегі жардың шетінде, желдің өтінде тұрған заманнан өтті. Бүгінде мемлекеттік тіл – ұлттық сана мен биік рухты қалыптастыруға апаратын сара жолға айналды келеді. Қазіргі қоғамда қазақ тілінің қажеттілігі дәлелденіп отыр. Елбасы Н.Назарбаевтың мемлекеттік тіл саясатын жүргізудегі саликалы ойы мен салмақты жоспарының арқасында мемлекеттік тіл қайта жаңғырды, ел тәуелсіздігімен бірге қайта түледі. Мемлекеттік тіліміздің қоғамның барлық саласы мен мемлекеттік басқару жүйесінде салтанат құрғандығына куә болып келеміз. Тәуелсіздіктің ажырамас ұштағаны – кең байтақ жер, қастерлі тіл және береке-бірлік деп танытын болсақ, еліміздегі барша халықтың басын біріктіруші фактор ретінде қазақ тілінің құдіреті ерекше. Тәуелсіздіктің арқасында тарихымыз бар, бай, құнарлы тіліміз тірі, шегенделген шекарамыз байтақ. Бұл – Тәңірдің бізге берген басты сыйы, Тәуелсіздіктің жемісі. Осы құндылықтарды құлдыратпай жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Осы күнді армандап аттың жалын құшқан ата бабамыздың ерліктерінің өтеуі ретінде ұлттық мұраларымызды болашаққа аманаттау – бүгінгі буының парызы. Олай болса ұлт бірлігі жолындағы міндеттерді орындауда бір сәт болса да қалғып кетпеуге тиіспіз. Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен қатар келген ұлы ақын, қазақ әліпбиінің негізін салған галым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдығымен қатар келіп отыр. Мерейлі мереке қарсаңында «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы және облыстық тілдерді оқыту орталығымен бірлесіп ұйымдастырылған жалпы білім беру ұйымдарының 5-7 сынып оқушылары арасында тілдер мерекесі аясында «Шешеннің тілі-шебердің бізі» тақырыбында қашықтан облыстық полиглот байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту, танымдық қабілетін, ой-өрісін дамыту, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту болып табылады.

Мектеп және колледж студенттері арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты пікір алмасу алаңы өткізілді. Іс-шарада оқушылардың өзіндік, мазмұнды жұмыстар жүргізілгені көрініс тапты. Осындай зейінді де зерделі білім алудымыздың ізденімпаздығы арта берсін.

Мерейлі мереке баршаныңа құтты болсын!
Тәуелсіздігіміз тұғырлы, тіліміз ғұмырлы болсын!

Гүлбану ИММАЗДАЕВА,
«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының бөлім меңгерушісі.

КӨРМЕ

СҮРЕТТІ СҮЙСЕҢІЗ, КӨРМЕГЕ КЕЛІҢІЗ!

Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, белгілі суретші, Сыр елінің тумасы – Қайырбай Зәкіровтің есімі көпке танымал. Биыл ағамыз 76 жасқа толды. Жалпы сурет салу – өнердің ұлысы. Оны түсіне білу – ұлылық, түсіндіре білу – даналық. Ұлылық та, даналық та біздің кейіпкеріміздің бойында бар.

Оқымандарымыздың есінде болса, осы жылдың көктемінде туған өлкесі Қызылорда облысына келген Қайырбай ағамызбен тілдескен едік. Сол кезде ағамыздың жүзі жарқын, өзі ерекше қуанып отырғанын байқаған болатынбыз. Ол қуаныштың да себебін жасырмады.

– Облыс әкімінің қабылдауында болдым. Жақсы қарсы алды. Бұйырғанда, биыл берекелі күз мезгілінде көрме ұйымдастырылған болдым. Енді соған дайындалуым керек. Дайындықты ойша бастап та кеттім. Керемет дүниелерді салып біткізім қажет, – деп жағымды жаңалығымен бөлісті қылқалам иесі. Міне, сөзі түсіп, көрме ұйымдастырылып, өз көрермендеріне есік ашты.

Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайында Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, көрнекті суретші Қайырбай Зәкіровтің туғанына 76 жыл толуына және шығармашылық қызметтегі 50 жылдық мерейтойына арналған «Минотаврлар марафоны» атты жеке көрмесі ашылды. Салтанатты іс-шараға Сыр елінің облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов бастаған арнайы делегация қатысып, аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықованың құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ өнер иесіне шапаны жауып, құрмет көрсетті.


Иә, бір адамның бойына соншама өнерді сіңіре салған Алланың құдіретінде шек жоқ қой. «Сегіз қырлы, бір сырлы» дегендей, Қайырбай ағамыз – суретші, ақын, әнші, сөз зергері, мүсінші. Алтындай Арал толқындарының сәулесінен өміріне қуат алып,

сұлу Сырдың сағасынан мейір қандырғаннан шығар, өз ағада адамды жатысы деген мүлдем жоқ. Керісінше, ол айналасына өзі секілді жақсыларды жинаған ізгі жан. Тағы бір қасиеті – адамгершілігі, қарапайымдылығы, қазакшылығы. Өмірде сыйластықтың құнын біледі. Еңбекті, адалдықты, еркіндікті сүйеді. Жанының тазалығы көусар бұлақтың суындай гой, шіркін!

Сырлы әлемі, табиғи дарынын әрбір туындысынан анағарта отырып, солардың бірегейі ретінде елге танылған өнер иесінің бірі Қайырбай Зәкіровтің шығармашылық қызметі 1970 жылдары басталды. Сонау 1974 жылдары республикалық, халықаралық көрмелерге қатыса бастағаннан еліміздің рухани өміріне серпіліс болар іргелі жобаларды жасады. Шығармашылық жолы

графикадан басталып, ұлттық рухани және мәдени өміріне ықпал еткен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі әлеуметтік өзгерістер жайлы сыр шертетін қаншама туынды, жұмбақ көрініске толы 150-ден астам картиналар сериясын өмірге әкелді.

«Минотаврлар марафоны» – Қайырбай Зәкіровтың акварель туындылары топтамасының шартты атауы. Оған соңғы екі жылда салынған жиырмаға жуық акварель парағы енген. Мұндай тақырыпты таңдау ең алдымен суретшінің дүниетанымы мен көзқарасының өзіндік ерекшеліктерінде жатыр. Өмір мен өнерді марафон ретінде қабылдайтын суретші өз туындыларында уақыт пен сезім трагедиясын көрсетуге тырысады. Егер суретші үшін графика – бұл, ең алдымен, ойлау мен дүниетанымды бейнелеу әдісі



Гайып: «Қайырбайды ақын деп, суретші деп беле жарып қарауға болмайды. Бұл – оның Құдай берген тұтас, кемел дарыны. Сегіз қырлымен, бір сырлымен туған адам. Ақындығын «Шалқасынан туған ай» кітабынан, суретшілігін «Күс жолы» альбомынан көргенбіз. Айтқанда мұның жыраулығын айту керек. Мұнша өнер бойына тұйықталған адам тегінен болмаса керек. Сурет те – ақын, өлең де – суретші, елге салсан – термеші, өзіне салсан – қарапайым ғана қазақ. Бұл қазақтың мықтылығы да осында» деген болатын. Киелі өнердің сан түрін бойына тұмарлаған текті ағамыздың шығармашылығы ұлттық құндылықтарға тұнып тұр. Жүз жасанды, өнер адамы, дара тұлғасы!

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

Қарауылтөбе ауылдық округінің сайлау учаскесі

№232 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Хангелдин атындағы №179 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарауылтөбе ауылдық округі, А. Иманов көшесі құрылыс №1А.

Шекарасы: Қарауылтөбе ауылдық округі.

Қызылорда қаласы әкімінің №18 шешімімен құрылған.

Избирательный участок сельского округа Карауылтөбе

Избирательный участок №232

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №179 имени А.Хангелдина» отделе образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, сельский округ Карауылтөбе, улица А. Иманова строение №1А.

Граница: сельский округ Карауылтөбе.

Образована решением №18 акима города Кызылорда.

болса, онда акварель – адамның сезімі мен эмоционалды рефлексін жеткізу құралы. Автордың жеке жинағынан 30-ға жуық туынды қойылған көрме 27 қыркүйекке дейін жалғасалды.

Бүгінде өнер майталманы Алашау бөктеріндегі Алматы қаласында отбасымен тұрады. Құдай қосқан қосағы екеуі ұлқы сүйіп, одан немере қызығын көруде. Үлкен ұлы зергер болса, одан кейінгі ұлы – суретші. Оның еңбегіне әкесі жақсы бағасын беріп отырады. Ал қыздары ағылшын тілін меңгерген мамандар. Міне, Аллаға шүкір, ұрпағының да, ұлтының да алдында абыройлы адам.

Қылқалам шеберінің ғажап болмысын тамаша суреттеген көрнекті ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Иран

ТЕЛЕФОН

Көпшілікте отыр едім, оңаша алып сотқаны,
Жаныма бір әжей келіп отқаны,
Көздерінің қығымен қарап –ап,
Қолымдағы телефонға тоқтады.

– Осы заттың ішінде не бар, балам?
Үңіле қарайтындай барлық адам?
Ішіп отқан астарын қоя салып,
Үйімдеде осымен болады алаң.

– Алақанда ұстап отырмыз әлемді.
Көрсетеді не бір қызық «бөленді».
Алыстағы досың менен туысқа,
Жеткіземіз осыменен сәлемді.

Күліп жеңіл айта салдым осылай,
Айтқаныммен ойға кеттім сосын – ай.
Виртуальді әлемге мына байланған,
Адамзаттың осал мына тұсың-ай.

Ұмыттырды қағаз бенен қаламды,
Баурап алды шыныменен алдым.
Өсуімен ойындарын ашып ап,
Жұбатамын жылпап жатқан баламды.

Көрмей жүрген кейбір жанны өресін,
Осы заттың ішінен кеп көресің.
Кейбіріне іштей көңіл сүйсініп,
Кейбірінен жаман жеріп жүресің.

Білем бірақ, мұның бәрі адамшы,
Көлдей өмір, ал мұндағы бір тамшы.
Көлдей қылып бір тамшыны көрсетер,
Осы заттан биігірек тұрсаңшы.

НЕСИЕ

Дүниенің бәрі қарыз, жан- жағына қарасан,
Сол қарызды өтеуге мына пенде жарасан.
Анау тұрған зәулім үй, әр кірпіші бір айлық,
Зейнетке де шығасың соның бәрін санаған.

Көлік мінсен көшеде ығыңды кенге сап,
Жалқау жігіт ерінбе, көлігіңмен теңге тап.
Кеше жүрсен балалар бүгін жейтін наны деп,
Енді жүрсін кредит келіп қалды әні деп.

Бұрыңғыдай күле алмайды, емін-еркін қарқылдап,
Санасында қарыз тұр, омыраудан алқымдап,
Желкесінде қарап отыр, банк деген ағасы.
Қолын созып қарыз берген, уақытыңда аңқылдап.

Солай халық, бір түйінінен аса алмай шектелген,
Сол түйінді шешуге жігеріңнен ептелген.
Ғажайыпты ойлап табар, қайран, алтын бастары,
Ақша, қарыз деген ойға нығыздалып кептелген.

Бәрі құрсын, дейді кейде, оның үлкен санасы,
Жетпей қалса қалтасының қарыз төлер шамасы.
Мына бес күн жалғанда сонша қымбат екен – ау,
Қуаныш пен күлкінің осыншалық бағасы.

Жанар СЕРАЛШЕВА

БАЙҚАУ

«ОСЫДАН ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫН»

ЕСТЕЛІКТЕР БАЙҚАУЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясы «Қызылорда қалалық естеліхаты» аппаратымен бірлесіп «Осыдан отыз жыл бұрын» тақырыбында естеліктер байқауын жариялайды.

Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Осы бір ауыз сөзді естігенде сіздің есіңізге қандай естеліктер түседі? Әрине, тәуелсіз елдің 30 жылы тұтас мемлекеттің бір бөлшегі саналатын адамдар өмірімен сабақтас. Тәуелсіздік сізге қалай әсер етті, өміріңізге қандай өзгеріс әкелді? «Осыдан отыз жыл бұрын» естеліктер байқауының мақсаты да ел жетістігін қарапайым тұрғындар өмірімен байланыстыру. Байқауға тәуелсіздік дегенде көз алдыңызға келетін естеліктермен бірге альбомыңыздан сол уақыттың куәсіндей болған фотоларды қоса жолданыңыз...

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Тәуелсіздік жылдарында болған елеулі сәттерді ел есінде қайта жаңғырту. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының тұрғындарға әсері, ел болашағына деген сенімі мен үмітін, сол кездегі көңіл-күйді естеліктер және фотолармен қоса жариялау.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Адам баласы қадір тұтатын екі адам болса, соның бірі – ана. Балаға жарық өмір сыйлап, тәрбиелеп, бар тілеуін тілеп, оқытып, отбасы етіп жібереді. Бұл – әр ата-ананың міндеті. Одан кейінгі кезек – ұрпағының жемісі. Яғни қарттық шағына келгенде бала-шағасының рахатын көргісі келетіні хақ. Отбасылық өмір заңдылығы солай...

Ойлансып қарасаңыз, бала бақыты үшін ана бәрине барады. Ал, балалар ата-анасына қалай қарайды? Хадистің өзінде де аналар жайлы айтылған асыл сөздер аз емес. «Анаңды үш рет Меккеге аркалап апарсаң да, оның алдында қарызыңды өтей алмайсың» деген емес пе... Бірақ осы сөздің құндылығын, ананың қадірін білмей, жат қылық танытып жатқандар бар бұл өмірде...

Жақында қала орталығындағы көшелердің бірінде қайыр сұрап отырған ақшаулықты ананы көзім шалды. Сырттай қарасақ, оның қайыршы еместігі айдан анық көрініп тұрды. Үстінде таза киім, басында ақ орамалы, бірақ көзілі жабырқаулы екен. Алдына тиын-тебен тастағандарға көмек сұрағандай көзқараспен қарайды. Ішінде бір айтар мұны бар.

Содан ақырындап әңгімеге тартқанды жөн көрдік. Кейуана жылы кабак танытты. Бірақ оның астарында өз қайғысын жасырған үлкен жүректі жан екенін сездік. Екі ұлдың анасы екен. Биыл 79 жасқа толады. Шаңырағында шат-шадиман күй кешетін шағы емес пе? Өйткенмен ол кісі балаларынан да қамқорлық емес, қорлық көріпті.

– Бірі балам болмады деп жылайды. Енді бірінің баласы болса, одан қорлық көріп қиналады. Соның бірі – мына мен ғой,

қарағым, – деп әжей көзіне еріксіз жас алды. Сөйтіп әңгімесін қайта жалғастырды. «Үлкен ұл наркологиялық ауруханада жатыр. Екіншісі де сол ішімдіктің кесірінен маған екі рет қол жұмсады. Сондағы жазығым – оған ақыл айтқаным. Екінші мәрте ұрған кезде шыдамай

балаларынан көріп отырамын. Мен үшін бұл – өте ауыр», – деді ақшаулықты ана күрсініп. Іштегі шері жүрегін ауырға түскендей. Арасында жылап та алды. Ол кісіні жұбатпауға, жылы сөзімізді арнауға тырыстық. Бірақ оның жан жарасын кім емдейді?...

ҚАМЫҚҚАН ҚАРТ АНА



өзім кетіп қалдым. Енді үйге барғым келмейді. Қазір ағайынның үйлерін паналап жүрмін. Салмақ салмайын деп арасында көше кезіп, қайыр тілеп кетемін. Алатын зейнеткем да дәрі-дәрмектен артымайды. Кейде өз баламнан көрмеген ықыласты туыстарымның

– Алланың берген қос баласынан осындай күй кешіп отырымын. Немерелерімді сағымдым. Алайда олар бөлек кеткен. Өйткені ішетін әке кімге керек? Ішімдікке жақын болған үлді қадірсіз болады. Отбасының, елдің алдында абыройсыз

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

МАЙ ҚҰЮ БЕКЕТІН ТОНАҒАН

Қызылорда қалалық полиция басқармасына қаладағы май құю бекетінің бірінші қарақшылық шабуыл жасалғандығы жөнінде хабарлама түсті.

Жүргізілген тексеру барысында бетіне бетперде киіп алған күдікті май құю бекетіне баса көктем кіріп, қасиетті тапаншамен және пышақпен қорқытып, қасадан ақша, ұялы телефон, шафқ ішінде тұрған мекемеге тиесілі арнайы жүз мыңнан асатын сомдадағы газ құятын талондарды алып кеткендігі анықталды.

Оқиға орнынан барлық айғақ заттар дәлелдеме ретінде алынды. Желел-іздістіру шараларының нәтижесінде полиция қызметкерлері «ізін суытпай» күдікті ұсталып, уақытша ұстау абақтысына қамаққа алынды. Ол өз кінәсін толығымен мойындап, өкінді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 24-бабының талабына сәйкес, күдіктінің іс-әрекетіне объективті тергеп-тексеру амалдары жүргізіліп, сауір айының 3 күні қылмыстық іс айыпталуына қатысты қолданылды.

Қызылорда қаласының №2 сотының 07.07.2021 жылғы үкімімен айыпталушыға 7 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАН 306 ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторлары құрылған мониторингтік топпен күнделікті сауда нысандары, ойын-сауық орындары, ресторандар мен кафелерде түсіндірме жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

Алайда карантин талаптарын бұзу деректері әлі де болса азаймай тұр. Қызылорда қаласының арнайы мониторингтік топ құрамына басқарманың 16 учаскелік полиция инспекторы бекітіліп, қазіргі таңда 16 мониторингтік топпен күнделікті рейдтік жұмыстарын жүргізуде.

Мониторингтік топ мүшелері жыл басынан бері 5710-нан астам нысанды аралаған. Оның ішінде карантин талаптарын бұзған 306 құқық бұзушылық анықталып (оның 87-дерегі

той, қалғаны жекелеген нысандар), жауапкершілікке тарту мақсатында құжаттар тиісті үйлестіру орталығына жолданған. Қазіргі таңда оның 159 дерегіне шара көрілді.

АЛАЯҚТЫҚ ЖОЛМЕН АЛЫНҒАН ТЕЛЕФОН ИЕСІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қызылорда қалалық полиция басқармасына 51 жастағы қала тұрғыны арызданып, түсікі 13:00 шамасында қала орталығының бірінде орналасқан сәулелік салонның ішінде «Huawei P20» маркалы телефонның 42 жастағы азамат «ұялы телефоныңызбен сөйлесіп алайың» деп сұрап алып алаяқтық жолмен алдан кеткен. Жәбірленушіге келген шығын 200 мың теңге деп белгіленген.

Полиция басқармасының қызметкерлері «ізін суытпай» телефон ұрлығына қатысты бар күдікті азаматты қолға түсірді. Бұл дерек бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Күдіктіге қатысты ешқайда кетпеу туралы қолхат түрінде бұйыртпау шарасы қолданылды.

ЗАҢСЫЗ ҚАРУ ТАСЫМАЛДАҒАН

7 қыркүйек күні сағат 18:30 шамасында Қызылорда облысы полиция департаментінің Жергілікті полиция қызмет басқармасының патрульдік полиция ротасының инспекторлары қызмет атқару барысында «Шымкент-Самара» тас жолының 1649-1650 шақырымы Төребай би ауылының тұсында 34 жастағы Жосалы кентінің тұрғынының басқаруындағы «УАЗ» автокөлігін тоқтатқан.

Тексеру барысында жүргізушіге тиесілі ПО тіркеуде жоқ, 16-калибрлі, 2 ұңғылы, нөмірсіз аңшы мылтығы және 57 жастағы жолаушысына тиесілі ПО тіркеуде жоқ, 2-ұңғылы, 16-калибрлі, аңшы мылтығымен 5-дана оқ дәрілерін заңсыз тасымалдағаны анықталды.

Анықталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 482-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттама рәсімделіп, сотқа жолданады.



1,0 интервалмен жазылуы тиіс. Жолданатын естелік көлемі 3 беттен (А4 форматты қағаз) аспау керек.

Бір қатысушы бір ғана материал жібере алады. Шығармалар қазақ тілінде қабылданады. Байқауға Қызылорда облысының кез келген оқырманы қатыса алады.

Байқауға қатысушылар толық аты-жөнін, телефон нөмірін, мекен жайын және өздері туралы қысқаша мәлімет қосып akmeshit.kz@mail.ru электронды поштасына жолдауларыңызды сұраймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Байқау қорытындысы тәуелсіздік күні қарсаңында жарияланады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі. Газет бетіне шыққан естеліктер топтастырылып, арнайы жинақ болып шығады.

Байланыс нөмірі: 40-11-10
Эл почта: akmeshit.kz@mail.ru

болады. Оны түсінетін бала қайдан?, – деді ана мұңая мұңын айтып.

Иә, осыншама жасқа келгенде жылы үйінен кетіп, ағайын-туыстың шаңырағын паналау оңай емес. «Шіркін, жұрттың баласына қарап, қызығамын. Аналарына мейірімдерін төгіп отырған кезде еріксіз жылап аламын. Себебі барлық ана балаларының арасында бақытты, әдемі қартайғысы келеді. Мен үшін бұл жәй ғана арман болып қалады», – деп аяқтады сөзін кейуана.

Өзі жылап отырса да жүрегі басқа аналардың бақытты болуын тілейді. Біз де бар жылы сөзімізді арнадық. Жұбатқандай болдық. Сонда да болса, тоғыз ай көтеріп, дүниеге әкелген балаларындай бола алмаймыз анық. «Іштен шыққан шұбар жылан» дегендей, сонлардан қанша қорлық көрсе де ананың көңілі бәрібір баласында екенін байқайды. Жаны қиналса да ана алаңдаулы. Міне, ана дегеніңіз – сондай кең жүректі жан.

Бірақ кең жүректіміз осылай әр көшені кезіп, жылап жүр... Жаңға батады, өрине. Жаны жабырқаулы ана әңгіме барысында алдағы уақытта қарттар үйіне барып тұратынын да айтып қалды. Өмірде осындай тағдырлардың бәрі өкінішті-ақ...

P.S. Аллаһан кейін бізге жарық өмір сыйлаған аналарымызды жылатпайық, көзі тірісінде жоғалтпайық, ағайын! Себебі әр көз-жақтың, әр сөздің, әр істің өз сұрауы бар екенін ұмытпайық.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ



105 ТҮП СОРА ЕККЕН

Қызылорда қалалық полиция басқармасының қызметкерлері есірткі екендерге қарсы іс-қимыл шараларын күшейтуде.

Қала аумағына қарасты орталықтарда рейд жүргізіп, есірткімен айналысқан, оны сатып және тасымалдаған құқық бұзушыларға қатысты «Қарасора-2021» жедел профилактикалық іс-шарасын жүргізуде.

Осы жылдың 4 қыркүйегінде үйінің ауласында есірткі тектес сора өсімдігін өсірген 62 жастағы қала тұрғыны ұсталып, уақытша ұстау изолаторына қамалды.

Күдіктінің ауласына еккен 105 түп сора өсімдігі айғақ зат ретінде тәркіленіп, сараптама тағайындалды. Қорытындыға сәйкес алынған түптер 141,853 гр сора есірткісі екені анықталды.


Аталған дерек сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірінші тізіліміне енгізіліп, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 300-бабы 2-бөлігімен қылмыстық іс қозғалды.

«Ақмешіт-ақпарат» мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды



СОЛТҮСТІК КОРЕЯ ІНДЕТПЕН БЕЛСЕНЕ КҮРЕСУДЕ

Жақында коммунистік мемлекеттің құрылуына 75 жыл толуына орай Солтүстік Кореяда әскери шеру өтті. Жергілікті БАҚ өкілдері шара барысында бірнеше сурет жариялады. Әскери шеруде ұзақ уақыт көрінбеген Солтүстік Кореяның Мемлекет басшысы Ким Чен Ын да бой көрсетті. Атаулы шарада бірнеше қызықты жағдай болып, BBC арнасының тілшісі Лаура Биккер «Солтүстік Корея: бетперде және газға қарсы маскамен өткен шеру» атты мақаласын жариялады.



Атаулы күнге орай ұйымдастырылған салтанатты шеруде қорғаныш киімдері мен бетперде киіп өткен жұмысшылар шеруі көпті таң қалдырды. Одан бөлек Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ынның біраз өзгергені де көптің назарынсын қалмады.

Қазіргі таңда Солтүстік Кореяда коронавирустық инфекцияның кесірінен азық-түлік жетіспеушілігі мен экономикалық дағдарыс орнаған. Бейсенбіде жергілікті БАҚ өрт сөндірушілер, еңбекшілер тобы мен от шашу суреттерін жариялады. Арна тілшісінің хабарлауынша, шеруде ерекше көзге түсетін сарғылт түсті киіммен арнайы топ өткен. Бұл елде коронавирустың алдын алу бойынша қызмет етіп жатқандар болуы мүмкін деп болжады.

Мақалада сондай-ақ бұл елдегі шерулер негізінен жаңа әскери техника мен қарулы күштер қатарын көрсету үшін немесе қиын кезеңде халықтың рухын көтеру мақсатында ұйымдастырылады-мыс. Одан бөлек бұл шеруде халыққа ел ішінде коронавирустық ахуал бірқалыпты екенін түсіндіруге тырысқан деп болжайды тілші. Дегенмен елде вирусқа қарсы күрес шаралары әлі белсенді түрде жалғасуда. Яғни ел ішінде вирустық қауіп жоқ деуге болмайды. Соңғы 12 айда Пхеньян 3 әскери шеру ұйымдастырды. Бұл әдеттегідей әлдеқайда көп. Тілші мұндай шаралар әлі вакцинацияны бірде бір түрін қабылдамаған халық үшін аса қауіпті деп жазады.

Қытайдың ресми БАҚ-тарының хабарлауынша, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Солтүстік Кореяға құттықтау хатын жолдаған. Жалпы бұл екі ел достық қарым-қатынаста екені көпке белгілі.

Бірақ Ким Чен Ын 2020 жылдың қантарында барлық шекараларын жапқан соң екі ел арасында тауар айналымы тоқтап қалған. Одан бөлек Қытай ұсынған вакцинацияның үш миллион дозасынан да Солтүстік Корея бас тартқан.

ДДСҰ мәліметінше, Солтүстік Кореяда қазіргі таңда Covid-19 вирус жұқтырған бірде-бір адам тіркелмеген. Алайда кейбір сыншылар бұл ақпаратқа сенімсіздік танытуда. ДСҰ-ның апталық мәліметінше, шамамен 37291 адам сынама тапсырып, ешкімнен вирус анықталмаған.

Алайда Ким Чен Ын пандемияның кесірінен азық-түлік жетіспеушілігі орнап, ел ішінде адамдар аштықтан көз жұмып жатқанын мойындады деп жазылған мақалада. Ел ішіндегі экономика да тұрақсызданып, дағдарыс орнағанын Солтүстік Кореяның басшысы ашып айтқан.

Дегенмен БҰҰ агентігі Солтүстік Корея өзінің ядролық жоспарын әлі де тоқтатпағанын мәлімдеді. Агенттіктің хабарлауынша, елде ядролық қаруға қажетті плутонийді шығаратын реактор қайта іске қосылған. Бұл әлем елдеріне үлкен қауіп төндіріп тұрғаны да жасырын емес.

Қысқасы, Ким Чен Ын ел ішіндегі қиындықтарға қарамастан халықты жігерлендіріп қана қоймай, өзге мемлекеттерге өз мысын да көрсетуді жөн көрген секілді. Ал пандемия мен ядролық қару туралы күмәнді орынды не орынсыз екенін әлі нақты айтып көрсету мүмкін болмай тұр.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.3.
Таралымы 4424 Тапсырыс №1323

Мерізіңіз кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА